



ҚЫТАЙДЫҢ ӘУЕ ЖІБЕК ЖОЛЫ БАСТАМАСЫНДАҒЫ ШЫҢЖАҢНЫҢ РӨЛІ

Соңғы жылдары әлемдегі жаһандық және аймақтық геосаяси, геоэкономикалық және әскери бәсекелестіктің шиеленісуі мен жаһандық және аймақтық экономикалық дағдарыстардың тереңдеуі ұзақ жылдар бойы жоғары қарқынмен дамып келе жатқан Қытай экономикасына теріс әсерін тигізіп, Қытайдың экспортты мен елге құйылған шетел инвестицияларының азаюына алып келді. Осыған байланысты, Қытайдың барған сайын артып келе жатқан энергия тұтынуының үздіксіз қамтамасыз етілуі мен сыртқы нарықтарға қол жеткізу мүмкіндігі Пекин үшін алаңдаушылық тудыратын маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Қытай дүп келіп отырған осы экономикалық және стратегиялық мәселелерді шешу үшін ресми Пекин геоэкономикалық және геосаяси маңызға ие жаңа стратегиялар әзірлеу қажеттілігін сезінді. Осыған орай, Қытай билігі 2013 жылы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» және «XXI ғасыр Теңіз Жібек жолы» стратегияларын қамтыған «Белдеу және жол» бастамасын алға қойды. Бұл бастаманың негізгі мақсаты Қытайдың табиғи ресурстар мен сыртқы нарықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету және тұрақты экономикалық өсімді сақтап, сыртқы саясатын ұтымды теле-теңдікке жеткізу болып табылады. Сонымен қатар, Қытай билігі өзінің аймақтық және жаһандық деңгейдегі экономикалық және саяси ықпалын, сондай-ақ, жұмсақ күшін арттыруды мақсат етуде. «Белдеу және жол» бастамасы аясында Қытай мен Оңтүстік Азия, Орталық Азия, Таяу Шығыс, Батыс Азия, Африка және Еуропа елдері арасында құрлық және теңіз жолдары арқылы тауарлар мен қызмет айналымын қамтамасыз етуді көздеген Пекин, сондай-ақ, әуе жолы тасымалына да ерекше басымдылық беріп, Әуе Жібек жолы бастамасын көтерді.

Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан және сегіз мемлекетпен шекараласатын Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының (қысқаша Шыңжаң) ерекше географиялық орналасуы Қытайдың Әуе Жібек жолы бастамасында өте маңызды орын алады. Осыған байланысты Қытай, әсіресе, Шыңжаңдағы Қашқар қаласын әуе жолы тасымалы саласында халықаралық логистикалық орталыққа айналдыруды көздейді. Қытайдың «Әуе Жібек жолы бастамасында Қашқарға басымдылық беруінің бірнеше себептері бар екенін айта кеткен жөн. Ең алдымен, Қашқар Қытайдың Шыңжаңдағы экономикалық дамыту саясатында маңызды орынға ие. Өйткені, ресми Пекин 2009 жылдан бері Шыңжаңның сыртқы сауданы негіз еткен экономикалық дамуы үшін солтүстік Шыңжаңда Қорғастың және оңтүстік Шыңжаңда Қашқардың көлік инфрақұрылымына қолма қол қаржы салып келеді. 2010 жылдан кейін Қашқар арнайы экономикалық аймағының құрылуы мен Қашқарға жалғасатын ұлттық және халықаралық автожолдар мен теміржол желілерінің дамытуымен қатар, Қашқар халықаралық әуежайының негізгі инфрақұрылымының жаңартылуы Қашқардың әуе тасымалдары тұрғысынан маңызды орталыққа айналуына тиімді орта

қалыптастырды. Тағы бір жағынан, Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізі (СРЕС) шеңберіндегі көлік инфрақұрылымы ретінде Шыңжаңнан Пәкістанның Гвадар портына дейін жалғасатын автожол және теміржол жобалары да Қашқардан басталады. Бұдан басқа, Қытай мен Орталық Азияны бір-бірімен байланыстыратын Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан теміржолы да Қашқардан басталып, Қытай-Қырғызстан арасындағы Ир-кештам шекара өткелінен өтіп Қырғызстанның Қарасу ауданы арқылы Өзбекстанның Әндіжан қаласына дейін жалғасатын болады. Әрі Шыңжаңның экономикалық дамуы үшін, әрі Қытайдың халықаралық экономикалық және транспорттық дәлздері үшін өте маңызды болып табылатын Қашқардың Әуе Жібек жолы бастамасында да басты орынға шығуы, әрине, Қашқардың ерекше географиялық артықшылығына байланысты. Ежелгі Жібек жолының ортаңғы және оңтүстік бағыттарының қиылысында орналасқан Қашқар Қытай мен Орталық Азия, Оңтүстік Азия және Батыс Азия арасындағы маңызды транзит хабы болып табылады.

«Белдеу және жол» бастамасы аясында Қашқар арқылы Әуе Жібек жолын құру мақсатында 2014 жылы Қашқар әуежайы экономикалық аймағы жоспары күн тәртібіне шықты. Үш негізгі кезеңге бөлінетін (2015-2025, 2026-2035, 2036-2050) ұзақ мерзімді даму жоспары бойынша, 83,3 шаршы километр аумағында орналасқан Қашқар әуежайы экономикалық аймағы дәстүрлі авиациялық өнеркәсіп, әуе тасымалы, әуе туризмі, авиациялық қауіпсіздік, азаматтық авиация, әуе жолы саудасы, авиация және ғарыш технологиялары мен авиациялық көрмелер қатарлы сегіз негізгі салада қызмет көрсетеді деп күтілуде. Қашқар әуежайы экономикалық аймағының құрылуы, Қашқар арқылы Әуе Жібек жолының қалыптасуына оң ықпал етеді.

Сондай-ақ, Қытайдың Пекин, Шанхай, Гуанжоу және Жынжоу сияқты үлкен қалаларынан мен Гонконгтан, сондай-ақ, бірқатар елдерден Қашқарға тікелей әуе рейстері ашылып, Қашқар арқылы Әуе Жібек жолының қалыптастыру бағытында маңызды қадамдар жасалды. Мысалы, ең алдымен 2013 жылы тамызда Пәкістанның астанасы Исламабадтан, 2015 жылы желтоқсанда Біріккен Араб Әмірліктерінің үшінші ірі қаласы Шарджадан және 2016 жылы қыркүйекте Қырғызстан астанасы Бішкектен Қашқарға тікелей әуе рейстері жүзеге асырылды.

2013 жылдан бастап Қашқар халықаралық әуежайының инфрақұрылымы үнемі жаңартылып, 2017 жылы 3,5 млрд. юаннан (шамамен 552,39 млн. доллар) астам инвестициямен әуежайды кеңейту жобасы атқарылды. Осының арқасында Қашқар халықаралық әуежайы Шыңжаңдағы екінші ірі әуежайға айналды. Мысалы, 2013 жылы Қашқар халықаралық әуежайының жылдық жолаушы саны 1,15 млн. және жылдық жүк тасымалы 6,281 тонна, 2015 жылы жылдық жолаушы саны 1,73 млн. және жылдық жүк тасымалы 6,655 тонна болса, 2017 жылы жылдық жолаушы саны 2,05 млн. және

жылдық жүк тасымалы 7,718 тоннаға жетті. Ал, 2018 жылы Қашқар халықаралық әуежайының жылдық жолаушы саны 2,06 млн. және жылдық жүк тасымалы 8,225 тоннаға жетіп, 2017 жылмен салыстырғанда тиісінше 0,6% және 6,6%-ға артты. 2025 жылы Қашқар халықаралық әуежайының жылдық жолаушы саны 5 миллионға және жылдық жүк тасымалы 60 мың тоннаға жетеді деп күтілуде.

Қашқар халықаралық әуежайы орналасқан Қашқар аймағын тұтас Шыңжаңның әуе жолы тасымалының орталығына айналдыруды көздеген Пекин, Қашқар халықаралық әуежайын кеңейтумен қатар, 2014 жылдан бастап Қашқар аймағындағы Ярент, Ташқурған және Тұмшук қалаларында жаңа әуежай салу туралы шешім қабылданды. Жалпы 601 млн. юан (шамамен 89,70 млн. доллар) қаржы жұмсалған Ярент әуежайы 2017 жылдың қараша айында іске қосылды. 631 млн. юан (шамамен 94,18 млн. доллар) қаржымен салынған Тұмшук әуежайы 2018 жылдың желтоқсанында ашылды. Жаңа әуежайлар салынғаннан кейін Қашқар аймағы Шыңжаңдағы әуежайы саны ең көп аймаққа айналды.

Қытайдың Әуе Жібек жолы бастамасында Қашқардың маңыздылығы күн сайын арта түсіп, жалпы Шыңжаңның да әуе жолы инфрақұрылымына ерекше мән берілуде. Мысалы, Қытайдың 13-ші бесжылдық даму жоспарына сәйкес, 2016-2020 жылдары аралығында Шыңжаңның әуе жолы инфрақұрылымына жалпы 51 млрд. юан (шамамен 7,61 млрд. доллар) инвестиция салу жоспарланған. 2017 жылы Шыңжаңның әуежайы жобаларына жалпы 14,4 млрд. юан (шамамен 2,15 млрд. доллар) инвестиция салынды. Ал, 2018 жылы тек Үрімші халықаралық әуежайын дамыту жобасына 42,11 млрд. юан (шамамен 6,29 млрд. доллар) инвестиция салынды. Қазіргі уақытта Шыңжаңда жалпы 21 әуежай бар болса, олардың 6-ында кеңейту және жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңадан 9 әуежайдың құрылысы басталып, 2025 жылы Шыңжаңдағы әуежайлардың саны жалпы 33-ке жететін болады. Осылайша Шыңжаң Қытайдағы әуежайлар ең көп орналасқан өңір болмақ.

Қысқаша айтқанда, Қытайдың соңғы жылдары үлкен күш салған Әуе Жібек жолы бастамасында Шыңжаңның маңыздыны арта түскенін және осы тұрғыда маңызды рөл атқара беретінін айтуға болады. Сонымен қатар, Пекиннің Әуе Жібек жолы бастамасы аясында Шыңжаңның әуе жолы инфрақұрылымына қолма қол инвестиция салуы, аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына оң әсер ететіні де даусыз. Алайда, соңғы бірнеше жылда ресми Пекиннің Шыңжаңдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында қатаң шаралар қабылдауға кірісуі, аймақтағы әуе тасымалдарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы себепті Әуе Жібек жолы бастамасында Шыңжаңның рөлін тіпті де тиімді ету үшін Қытай билігі аймақтың саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартуға көңіл бөлуі тиіс.

Жазушы: Өмірбек Қанай,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Әзірбайжан ұлттық мәжілісі 2018 жылдың тамыз айында қол қойылған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялады. Конвенциямен қатар, заң шығарушы орган теңіз арқылы шекаралас мемлекеттермен ынтымақтастық орнату мақсатында көлік, сауда және экономикалық ынтымақтастық, апаттық жағдайдың алдын алу және ұйымдасқан қылмыс пен терроризмге қарсы күрес мәселелерін қамтитын бірқатар құжаттарды ратификациялады.
- Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко Ресейге жасаған 3 күндік ресми сапары барысында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен Социде екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелері мен Еуразия интеграциясының келешегіне қатысты келіссөздер жүргізді. Екі ел басшысы экономика, қаржы, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, білім және ғылым, мәдениет және спорт салаларын қамтитын кең ауқымды мәселелерді талқыға салды.
- Иран, Ресей және Түркияның Президенттері Хасан Рухани, Владимир Путин және Режеп Тайып Ердоған Сирия мәселесін талқылау мақсатында Социде ұйымдастырылған 4-ші ұшжақты саммитке қатысты. Кездесу барысында тараптар Сирияның Конституция комитетін қалыптастыру, АҚШ әскерінің Сириядан шығуы және елдің солтүстік-шығыс бөлігі мен Идлиб провинциясындағы жағдайға басымдық танытты.
- Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның Қорғаныс министрліктерінің өкілдері, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) Бірлескен штабы және ҰҚШҰ-на қатысты әскери зерттеу ұйымдарынан құралған жұмыс тобы Душанбеде аймақта бірыңғай әуе қорғаныс жүйесін құру мәселесін талқылады. Жиынға қатысушылар осыған қатысты бірлескен жұмысты жалғастыру бойынша келісімге келді.
- Тәжікстан Қорғаныс министрлігінің делегациясы Минск қаласына жасаған сапары барысында беларустық әріптестерімен өткізген кездесуде ҰҚШҰ және екіжақты байланыстар аясында әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады.
- Жапония Сыртқы істер министрлігінің делегациясы Түркіменстандық әріптестерімен кеңес жүргізу мақсатында Ашхабадқа барды. Тараптар саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалар бойынша екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Жапония Түркіменстандағы бірқатар жобаларға, соның ішінде Мары қаласында аммиак пен карбамид өндіріс орындарын салуға және Балқан аймағында полиэтилен, карбамид тыңайтқыштарын және полипропилен өндіретін өнеркәсіп кешендеріне инвестиция құйған еді.
- Қазақстан Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов, Нұр-Сұлтан (ескі аты Астана) қаласында Еуропа Одағына (ЕО) мүше мемлекеттердің елшілері және ЕО делегациясымен кездесу өткізді. Тараптар жақын арада толық күшіне енетін Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге ерекше назар аудару отырып, саяси, экономикалық және сауда қатынастарымен қоса өзара ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен келешегін талқылады.

Экономика, қаржы және энергия

- Берлинде өткен Түркіменстан-Германия бизнес форумы барысында тараптар Транскаспий газ құбырымен қатар, екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту және әртараптандыру мәселелерін талқылады. Түркіменстан өкілдері неміс әріптестеріне инвестициялық мүмкіндіктері туралы толық ақпарат ұсынып, түркімен өнімдерінің көрмесін өткізді.
- Қазақстан, Ресей және Иранның ауылшаруашылық министрліктері бидай саудасы бойынша ынтымақтастық туралы өзара түсіністік меморандумына қол қойды. 2018 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕЭО) мүше мемлекеттер мен Иран арасында қол қойылған еркін сауда аймағы туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын құжатқа сәйкес, Иран өз аумағы арқылы қазақстандық және ресейлік бидайдың транзитіне рұқсат берумен қатар, своп келісімі бойынша бидай экспортын қолдайды.
- 2018 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымы 2017 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға артып, 17,55 млрд. долларды құрады. Қазақстанның Ресейге жасаған экспорты 11,3%-ға өсіп, 5,16 млрд. долларды құраса, Қазақстанның Ресейден импорты 5,6%-ға өсіп, 12,39 млрд. долларға жетті. Ресей Қазақстанның жалпы сауда айналымының 18,8%-ын құрап, негізгі сауда әріптесі болуды жалғастырады.
- Әзірбайжанның сыртқы сауда айналым көрсеткіші 2018 жылы 31,8 млрд. доллар болып, оның 20,3 млрд. долларын экспорт, 11,5 млрд. долларын импорт құрады. Елде өндірілген тауарлар 113 елге экспортталып, олардың ішінде негізгі сатып алушы елдердің көшіні Италия (жалпы көлемнің 30,2%-ы), Түркия (9,4%) және Израиль (6,7%) басталды. Өз өнімдерін Әзірбайжанға экспорттайтын 178 елдің ішінде ең үлкен серіктес ретінде Ресей (16,4%), екінші орында Түркия (13,8%) және үшінші орында Қытай (10,4%) орын алды.
- 2018 жылы Тәжікстанға 645 млн. доллар көлемінде шетелдік инвестиция тартылды, оның 326 млн. доллары тікелей инвестицияны құрады. Елде жалпы құны 3,23 млрд. доллар болатын 69 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, Қытай Эксимбанкі, Еуропа қайта құру және даму банкі және Ислам даму банкі тарапынан қаржыландырылады.
- Беларусь Ұлттық статистикалық комитетінің мәліметтері бойынша, шетелдік инвесторлар (банктенді қоспағанда) 2018 жылы ел экономикасының нақты секторына 10,8 млрд. доллар инвестиция салды. Негізгі инвесторлар – Ресейдің (бүкіл инвестициялардың 38,3%-ы), Ұлыбританияның (25,7%), Кипр (7,8%) кәсіпкерлік субъектілері. Беларусь компаниялары шетелге, оның ішінде Ресейге (68,2%), Украинаға (16,5%) және Ұлыбританияға (6,7%) жалпы 6,1 млрд. доллар инвестиция жасады.
- Грузия мен Қытай 100 млн. юань (15 млн. долларға жуық) көлемінде көмек көрсетуге мүмкіндік беретін техникалық және экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Қаражаттар Грузияның келендік бақылау бекеттеріне арналған инспекциялық жүйелерді сатып алуға жұмсалатын болады, бұл елдегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға және ел шекараларындағы кедендік бақылауды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Қоғам және мәдениет

- Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Қалпына келтіру және бейбітшілік құру бағдарламасы шеңберінде Дания, Швеция және Швейцария үкіметтері шығыс Украинадағы жанжалға ұшыраған аумақтарға 14 млн. доллар бөледі. Бұл бастама Донецк және Луганск облыстарында тиімді басқаруды нығайтуға және адам құқықтарын, жұмыс орындарын құруды, кедейшілікті қысқартуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды, құқық қорғау және сот реформасын жетілдіруге бағытталған.
- «Кітаптан да үлкен» ұранымен өткен 26-шы Минск халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесіне 61,8 мың адам келді. Беларусь Республикасының Ақпарат министрлігі, Минск қалалық залы және Беларусь Жазушылар одағы бірлесіп ұйымдастырған бес күндік іс-шарада 37 елден 441 қатысушы жаңа басылымдарын көрсетіп, өз тәжірибесімен бөлісті және кітап индустриясының мәселелерін талқылады.
- Өзбекстанның Жоғары және арнайы орта білім министрлігі мен АҚШ-тың Вебстер университеті бұл университеттің Өзбекстандағы филиалын ашу туралы келісімге қол қойды. Филиал бизнесі басқару, маркетинг және кәсіпкерлік, информатика, журналистика және медиа индустриясы, денсаулық сақтауды басқару, STEM (ғылым, технология, инженеринг және математика) саласында білім беру, инновациялар және басқа да бағыттар бойынша бакалавриат пен магистратура бағдарламаларын ұсынады.
- БҰҰ-ның Өнеркәсіптік даму ұйымы және Түркіменстан Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау министрлігі елде озон қабатын бұзатын заттарды кезек-кезегімен азайту бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыруда. Жоба аясында түркімен кеден қызметкерлерін озон қабатын қорғау туралы халықаралық келісімдермен және ұлттық заңнамамен таныстыру үшін семинар ұйымдастырды.
- БҰҰ-ның Әзірбайжандағы бюросы мен Әзірбайжан өнер кенесі үкіметтік емес ұйымы Әзірбайжан Мәдениет министрлігінің қолдауымен Бакуде БҰҰ Мәдениет паркін құру туралы бастама көтерді. Жоба аясында суретшілер «Цұрақты даму мақсаттары» тақырыбында металл бөшекелерді бояп, «жасыл бұрыштар» жасайды, ал дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдар өкілдері ағаш отырғызады.
- Анкарадағы ТҮРКСОЙ штаб-пәтерінде әзірбайжан халқының көрнекті драматургы мен акыны Жафар Жаббарлы 120 жылдығына орай ХІІ Түркі әлемінің жетекшілері конференциясы өтті. Кәсіпкер авторлардың, ақындардың және әуесқойлардың басын қосқан конференцияда Жаббарлының өмірі мен шығармашылығына қатысты баяндамалар жасалып, оның олеңдері оқылды.
- 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстан халқының саны 18,395,700 адамға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 238,6 мың адамға немесе 1,3%-ға артық. Халықтың 10,638,700 адамы немесе 57,8%-ы қалаларда, ал қалған 7,757,000 адамы немесе 42,2%-ы ауылдарда тұрады. 2018 жылы Қазақстанға келушілер саны 20,5%-ға азайды, ал елден кеткендер саны 11,1%-ға өсті.